

Туғанбаев Қ.Т.

дінтану мамандығының докторанты, дінтану және мәдениеттану кафедрасы,
философия және саясаттану факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kosa-7@mail.ru, тел.: +7 702 454 7704

**СЕКУЛЯРИЗАЦИЯ МЕН ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ
АРАҚАТЫНАСЫ**

Мақалада зайырлылық феномені мен секуляризация үдерісі және олардың адамзат тарихындағы рөлі қарастырылады. Біз білетініміздей, секуляризация дегеніміз діннің адам санасы мен қоғамдық өмірдегі рөлінің төмендеуі, діни дәстүрлер арқылы реттелетін қоғамнан рационалды нормалар негізіндегі қоғамдық құрылымының зайырлылық моделіне ауысуы. Мемлекеттің діннің рөлі мен ықпалының азаюына бағытталған саясаты. Секуляризациямен байланыстырылатын батысеуропалық қоғам өміріндегі кең ауқымды мәдени өзгерістер Ағартушылық кезеңінің ойшылдарының идеяларының дамуының негізінде басталды. Секуляризация термині рационализация үдерісін, қоғамдық сананың шіркеулік ықпалдан бостандық алуын, зайырлы қоғам моделінің құрылуын, өнер, ғылым, саясат және тағы басқа салалардың автономдылығын білдірді. Бұл шіркеудің мемлекеттен, мектептердің шіркеуден бөлінуінен көрініс тапты

Мақалада келтірілген талдау зайырлы мемлекетте барлығы діни нормалардың орнына азаматтық нормалардың негізінде реттелетінін көрсетеді. Сонымен қатар, зайырлылық дегеніміз діни ұстанымдармен қарама-қайшы келмейді, керісінше ондай құбылыстан аулақ болады. Зайырлы қоғамда халық арасындағы діндар тұлғалар үшін жайлы жағдай жасау үшін діни мейрамдар кезінде демалыс жариялау әбден қалыпты жағдай. Зайырлы мемлекетте әр адамның діни институттардан тәуелсіз өмір сүруіне мүмкіндік бар. Біздің еліміздегі орын алып отырған жағдайға қарап, зайырлы мемлекетте барлық конфессиялардың өкілдері заң алдында бірдей екенін көреміз.

Түйін сөздер: секуляризация, зайырлылық, дін, мемлекет, сакральдылық.

Tugabayev K.T.

Doctoral student specialty «Religious Studies», Faculty of Philosophy and Political Science,
al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: kosa-7@mail.ru, tel.: +7 702 454 7704

Correlation of the concept of secularization and secularism

The article examines the phenomenon of secularism and the process of its secularization and their role in the history of mankind. As we know, the secularization of the process of reducing the role of religion in the minds of people and the life of society; The transition from society, regulated mainly by religious tradition, to the secular model of social devices on the basis of rational norms. The policy of the state, aimed at reducing the influence and role of religion. The most large-scale cultural transformations in the life of Western European society associated with secularization were adopted as a result of the development of the ideas of the thinkers of the Enlightenment. The term secularization began to reflect the processes of rationalization, the liberation of public consciousness from church influence, the formation of models of an ideal, secular society, the autonomization of art, science, politics, etc. This was embodied in the separation of the church from the state, the school from the church.

The analysis presented in the article shows that a secular state that is regulated on the basis of civil, rather than religious norms; Decisions of state bodies can not have a religious justification. You can also say; Secularism is determined not by the presence of contradictions with religious attitudes, but by freedom from such. Declaring a religious holiday on a day off is entirely acceptable in a secular state with the

goal of creating comfortable conditions for the believing part of the population. In a secular state, every person has the right to expect that he can live without resorting to religious institutions. In the example of our country we see that in a secular state the followers of all faiths are equal before the law.

Key words: Secularization, secularism, religion, state, sacral.

Туганбаев К.Т.

докторант специальности «Религиоведение», кафедра религиоведения и культурологии,
факультет философии и политологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kosa-7@mail.ru, тел.: +7 702 454 7704

Соотношение понятий секуляризации и светскости

В статье рассматривается феномен светскости и процесс секуляризации, а также их роль в истории человечества. Как мы знаем, секуляризация – процесс снижения роли религии в сознании людей и жизни общества; переход от общества, регулируемого преимущественно религиозной традицией, к светской модели общественного устройства на основе рациональных норм. Политика государства, направленная на уменьшение влияния и роли религии в публичной сфере, претерпела множество изменений. Наиболее масштабные культурные трансформации в жизни западноевропейского общества, ассоциируемые с секуляризацией, были запущены в результате развития идей мыслителей эпохи Просвещения. Термин секуляризация стал отражать процессы рационализации, освобождения общественного сознания от церковного влияния, формирования моделей идеального, светского общества, автономизацию искусства, науки, политики и т.д. Это находило воплощение в отделении церкви от государства, школы от церкви.

Анализ, представленный в статье, показывает, что в светском государстве, которое регулируется на основе гражданских, а не религиозных норм; решения государственных органов не могут иметь религиозного обоснования. Также можно сказать, что светскость определяется не наличием противоречий с религиозными установками, а свободой от таковых. Объявление религиозного праздника выходным днём вполне допустимо в светском государстве с целью создания комфортных условий для верующей части населения. В светском государстве каждый человек вправе рассчитывать на то, что он сможет жить, не обращаясь к религиозным институтам. На примере нашей страны мы видим, что в светском государстве последователи всех конфессий равны перед законом.

Ключевые слова: секуляризация, светскость, религия, государство, сакральное.

Кіріспе

Зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасына баға берудегі негізгі үрдіс адамзат қоғамының рухани саласында орын алған қоғамның секуляризациясы болып табылады. Зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы үнемі өзгерістер мен ауыспалылыққа толы, ол сакрализациядан секуляризацияға және керісінше секуляризациядан десекюляризацияға ауысып отырудан тұрады. Бұл жағдай секуляризация ұғымына деген зертеулер мен қызығушылықтың туындауына себеп болып отыр. Қазіргі таңда туындап отырған бұл мәселе секуляризация ұғымының түсініктік аппаратын қарастыруға, түрлі категориялар арқылы қоғам өмірінің діни сферасын көрсететін секуляризация түсінігінің нақты анықтамасын беру қажеттілігін тудырады. Бұл күрделі феномен болып табылатын діни үдерістер мен олардың қоғамда қалай көрініс тауып отырғаны жайлы ой қорытуға итермелейді. Секуляризация (лат. Saeculum уақытша, өтпелі өмір болмысының құдайылық бастамаға қарама-

қайшы ұғым, Августиннің түсінігінде зайырлы, фәнилік деген мағынаны білдірді) қоғамдық сана мен жеке тұлға өмірінің дін бақылауынан, діни шарттар мен қағидалардан азат болуы дегенге саяды. Секуляризация профандылық пен сакральдылықтың арасындағы айырмашылықтың нақты көрініс тауып күшеюі мен қоғамдық өмірдің дексакрализациясынан басталады. Қандай да бір құбылыстар, заттар мен әрекеттерде қасиеттіліктің белгілер жойылып, қарапайым өмір салтына, бір бөлшегіне айналғанда олар профанды, қарадүрсін болып табылады. Секулярлы қоғамдағы күнделікті іс-әрекеттер ешқандай діни немесе магиялық мағынасы жоқ қарапайым, қарадүрсін қалыпқа түседі. Қоғам дамуының белгілі бір сатысында, ғылым мен техника, технологияның өркендеуі жолға қойылғанда білім беру, өндіріс сынды салалар дін басыларының, діни мекемелердің қолынан зайырлы билікке өте бастады. Секуляризация үдерісі алғаш рет Батыс Еуропадан басталып, рационалды ойлау мен діни сананың арасындағы айырмашылық Реформациядан бастау алды.

Реформация ресми билік, мемлекет пен шіркеу арасындағы шектеу мен бөлініске түрткі болған айтулы оқиға еді.

Қазіргі кездегі түсінікте секуляризация адам санасы, жүріс-тұрысы, өмір қалпы мен тұрмыс сияқты қоғам өмірінің барлық салаларына діннің ықпалының әлсіреуі үдерісі дегенді білдіреді. Бұл жағдай діннің заман ауанына қарай икемделуі, діни ұйымдардың іс-әрекетінің кейбір жақтарының зайырлы формалардың белсенді бола бастауына әкелді. Діни детерминизациядан өмірдің маңызды салалары мемлекет пен заңның, нарықтық экономиканың, жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, өнердің тәуелсіз болуы секуляризацияның айшықты көрінісі болып табылады. Рухани шығармашылық саладағы идеялар діни жүйемен қарым-қатынаста автономды тұрғыда әрекет етеді. Секуляризация үдерісі қашанда зайырлылық ұғымымен қатар айтылады. Секуляризация діннен бөлінген, осы өмірдегі іс-әрекеттерді діннен бөліп қарайтын зайырлылыққа әкеледі. Зайырлылық секулярлы қоғамның жемісі екені объективті шындық болып табылады.

Зерттеу әдістері. Мақалада тарихи-салыстырмалы тұрғыдан секуляризация және зайырлылық ұғымдарының шығу түбірі, қалыптасу жолдары, адамзат тарихында алған орындары талданған. Герменевтикалық тәсіл арқылы аталған терминдердің семантикалық мазмұны ашылған. Сонымен қатар секуляризация үдерісі мен зайырлылықтың дінге, руханиятқа деген ұстанымдарын ашып көрсететін компаративистикалық қағидалар да қолданыс тапты.

Библиографиялық шолу. Секуляризация үдерісі мен зайырлылық түсінігі күрделі қоғамдық құбылыс ретінде философиялық, әлеуметтанулық, дінтанулық саладағы әдебиеттерде көп қарастырылып, кең зерттелді. Зайырлылық пен дін адамзаттың рухани өмірінің болашағын айқындайтын нақты құбылыс ретінде неміс классикалық философиясының өкілдерінің шығармаларында, атап айтқанда И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Л. Фейербахтың ізденістерінде маңызды мәселеге айналып, діннің қоғамдағы орны мен атқаратын ролі, нақты функциясы зерттеулерінің өзегіне айналды. Гегель бұл мәселеде дінді адамның өзіне деген қатынасын анықтайтын субъективті рухты туындататын бастама деп білсе, Кант діннің болмысындағы ахлақтық негізге назар аударып, өзінің этикасындағы категориялық императив заңына өзек етіп алды. Л. Фейербах діннің

адам психологиясындағы белгілі бір тәуелділік сезіміне мән беріп, оның қиындықтарды жеңуге көмектесетін, жетімсіздіктің орнын толтыру функциясына мән берді. Бұл ойшылдар ғылыми жетістіктерге сене отырып, зайырлы қоғамдағы діннің атқаратын қызметіне талдау жасады.

Материалистік бағыттың өкілі К. Маркс діннің идеологиялық келбетіне мән беріп, оның қоғамдық конформизмге әкелетіні жайлы тұжырым жасап, негізінен дінді объективті шындықтан алшақ жатқан жасанды құбылыс деп таныды. Зайырлы қоғам орнағанда дін ғылым, экономика, өндіріс сынды басқа әлеуметтік институттармен бәсекеге түсе алмайтыны турасында ой қорытты.

Секуляризация үдерісі дін әлеуметтануының орталық мәселелерінің бірі болып табылатыны белгілі. Бұл орайда классикалық әлеуметтанудың негізгі өкілдері О. Конт, Э. Дюркгейм, М. Вебер діннің пайда болуы, шығу тегі, қоғамдағы атқаратын функциясы жайлы тұжырымдама жасады. О. Конт «Позитивті философия курсы» атты еңбегінде діннің біріктірушілік, тәртіпке икемдеу функциясын атап өтіп, кейіннен позитивті кезең, яғни ғылыми, зайырлы қоғам орнағанда бұл функцияны ғылым ығыстырып шығарады деп болжам жасады. Дюркгейм «Діни өмірдің қарапайым формалары» атты еңбегінде діннің адамзат тарихының алғашқы кезеңіндегі интеграциялық функциясына терең тоқталып, дінді зерттеудегі құрылымдық-функционалдық әдіске үлкен септігін тигізді. М. Вебер өзінің «Протестанттық этика және капитализм рухы» деген атақты шығармасында дінге зайырлы қоғамның экономикалық саласының қаншалықты әсер ететіні жайлы баяндап, діни саланың қоғамдық өмірге әсері туралы ой түйіндеді.

Мақалада сонымен қатар отандық дінтанушы ғалым Н.Ж. Байтенова, кеңестік философтар және әлеуметтанушылар В.И. Гараджа, А.А. Радугин, Е.В. Осипова, А.В. Журавскийдің еңбектеріне талдау жасалды.

Негізгі бөлім

Діннің ішкі мәнін іздеу, оның шынайы келбетін анықтау негізінен екі бағыт бойынша берілген анықтамаларға сүйенген. Біріншісі, субстанционалдық – дінді басқа құбылыстардан ерекшелетін оның басты қасиеттерін бөліп көрсету; екіншісі, функционалдық – діннің қоғамдағы функциясын анықтау [Гараджа 1996. 29].

Осы бағыттарға сүйене отырып, діннің әлеуметтік құбылыс ретіндегі негізгі төрт эле-

менттерден тұратын құрылымдық ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады: 1. Діни көзқарастар жүйесі; 2. Діни іс-әрекет; діни қарым-қатынастар; діни ұйымдар. Діннің қоғамдағы орны қоғамдық сана жүйесіндегі діни дүниетанымының орнымен, әлеуметтік іс-әрекет пен қарым-қатынастар жүйесіндегі діни іс-әрекеттің орнымен және діни топтар мен қауымдастықтардың басқа әлеуметтік топтар, қауымдастықтар мен ұйымдардың арасындағы алатын орнымен анықталады. Дінді функционалдық тұрғыдан талдау философия мен әлеуметтанудың классикалық кезеңдерінен басталған еді. Атақты неміс философы И. Кант діннің негізгі мәнін адам ойы мен өмірінің ахлақтық бейнесінен табуға тырысып, діннің интеграциялық функциясына терең мән берді. Г.В.Ф. Гегельдің философиялық жүйесінде дін абсолютті рухтың формасы болып табылады, ол адамның субъективті санасының пайда болуымен басталып, «рухтың рухқа деген қатынасы, рухтың рух жайлы білімі» ретінде белгілі болып, адамның ақыл-ойында өзінің әлемге деген қатынасын анықтайды [Гегель 1977. 411]. Неміс классикалық философиясының келесі бір өкілі Л. Фейербах бойынша: «Діннің негізін адамның тәуелділік сезімі құрайды» [Фейербах 1955. 455]. Ол дін қайғы мен ауыртпалықтардан арылтатын алдамшы елес тудырады дей отырып, діннің компенсаторлық функциясы жайлы баяндайды. О. Конт дінге байланыстырушы, әлеуметтік тәртіптің негізі ретіндегі рольді береді. Алайда, бұл функцияны дін тек адамзат тарихының бастапқы (теологиялық) кезеңінде ғана орындап, кейін оны ғылыми, позитивті білім ығыстырып шығарады деп түсіндірді [Зомбарт 1926. 15]. К.Маркстың ойынша, «мемлекет, қоғам дінді туындатады» [Маркс 1955. 414]. Таптық күрес жағдайында дін идеология ретінде қызмет атқарады, осыдан келіп оның идеологиялық функциясы қалыптасады. Дін белгілі бір қалыптасқан тәртіпті заңдастырады және оны құптайды немесе керісінше, оны теріске шығарады. Дінде Маркстің ойынша әлеуметтік конформизм бар, ол жалған елесті адам санасына орнықтырады және сол арқылы әлеуметтік қарсылықты тудырады. Қоғамның әлеуметтік жіктелуі жағдайында рационалды тұрғыдан түсіндірілмейтін және тексеруге келмейтін иррационалды факторлар, яғни наным-сенімдер, әртүрлі ғұрыптар қоғамда басымдыққа ие болып отырған тап үшін қоғам интеграциясын қамтамасыз етеді. Дін – жүрексіз әлемнің жүрегі деу арқылы Маркс Фейербахтың діннің компенсаторлық функция-

сы жайлы идеясын қолдайды. 3. Фрейд те діннің көпшілік үшін бар болғаны жалған елес екендігі жайлы идеяны жақтады.

Э. Дюркгейм діннің қоғамды біріктіретін негізгі факторына ерекше көңіл бөлді. Өзінің зерттеулерінде ол алғашқы қауымдық қоғам халықтарының наным-сенімдерін қарастыра отырып, барлық қоғамдық формациялардағы діннің интеграциялық келбетін көріп, діннің дезинтеграциялық функциясы да барын аңғармады. Бұл функция осы кезге дейін ортағасырлардағы дінді желеу еткен алапат соғыстар мен дінаралық қақтығыстардан да аңғарылған еді. Атақты крест жорықтары, тіпті конфессияаралық қантөгістер ретінде белгілі Варфаламей түні, суниттер мен шииттер арасындағы соғыстар осының дәлелі бола алады. Қазіргі кезде діннің дезинтеграциялық функциясының айрықша көрініс тауып жатқаны белгілі. Оған мысал ретінде Англия және Ирландия, Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыстар, түрлі діни экстремизм мен сепаратизмнің өрши түсуі жайлы айтуға болады. Әйткенмен, Э.Дюркгейм дінге деген құрылымдық-функционалды ыңғайды қалыптастыруға үлкен септігін тигізді. Құрылымдық функционализмнің қоғам мен дінді әлеуметтік-мәдени өзара байланыс пен қарым-қатынас ретінде түсіну теориясына сүйене отырып, діннің қандай да бір әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастыратынын мойындау қажет.

Қазіргі ғалымдар діннің дүниетанымдық, орнын толтыру, құрылымдық, реттеушілік, интеграциялық, дезинтеграциялық, мәдениет тасымалдаушы, эстетикалық, әдептік, функциялары барын атап көрсетеді. Дін әлеуметтік және тұлғалық бастамаларды біріктіреді. Осы тұрғыдан қарағанда дін қоғам мен тұлға арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық сана ретінде тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуды көздейтін әлеуметтік институт болып табылады. Діннің қоғаммен байланысының деңгейі әр кезеңде әртүрлі. Діннің әлеуметтік құбылыс ретіндегі байланысын талдауға дамыған қоғамда, қоғамдық өмірдің әртүрлі бөлімдерінің автономдылығы жетілген жағдайда мүмкіндік молаяды. Осындай қоғамда дін мен қоғам діннің басқа қоғамдық құбылыстармен байланысы, яғни экономика, саясат, мәдениет арқылы ашыла түседі. Дінді зерттеуде оған жүйелік-құрылымдық талдау жасау маңызды болып табылады. Жүйелік ыңғайда құрылымдық тұтастық, ішкі белсенділік пен зерттеліп отырған нысанның динамикасы негізгі мағынаға ие. Дінді әртүрлі функцияларды атқаратын өзара

байланысқан көптеген элементтердің біртұтас жүйесі, қоғамдық сана, әлеуметтік институт ретінде түсіне отырып, оның қоғамдық өмірдің бір бөлігі, руханият екенін танымыз және зайырлы мемлекетте өмір сүре отырып, осы мемлекеттің негізін құрайтын халықтың діннен мүлде қол үзуі мүмкін еместігін мойындаймыз.

Әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қоғам өміріндегі діннің ролін талдауда екі негізгі тәсіл қалыптасты. К. Маркс негізін қалаған бірінші тәсіл бойынша дін қоғамдық қатынастар жүйесіне кіріктірілген және осы қоғамдық қатынастардан туындайды. Оның ішінде негізгі базис болып табылатын экономикалық қатынастар басымдық танытады. Дін, мета-физика, ахлақ сияқты идеологияның түрлері және соған сәйкес келетін сананың формалары қашанда қоршаған ортаның ыңғайына байланысты болады. Адамдардың өздерінің материалдық жағдайларын дамытуы ішкі ойлары мен ойларының туындыларын өзгертеді. Маркстің сөзімен айтқанда – өмірді сана емес, сананы өмір өзгертеді. Бұл тәсіл бойынша діни түсініктердің қоғамның шынайы өмірінде орын алып отырған қарым-қатынастарға тәуелді деп ұғынуға мүмкіндік береді.

Екінші тәсіл М. Вебердің тұжырымымен тығыз байланысты. Оның ойынша да қоғамның экономикалық жүйесіндегі өзгерістер діни жүйенің де өзгеруіне себеп болады. Бірақ оның пікірінше, дін сонымен қатар әлеуметтік динамиканың факторы болып табылады. Әлеуметтік динамиканың негізгі ықпалы дін негізгісі болып есептелетін мәдени жүйеден басталады. Өзінің «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты еңбегінде Вебер үлкен діни қозғалыстардың белгілі бір өзгерістерге түрткі болатын маңыздылығы жайлы атап көрсетті. Вебердің идеялары эмпирикалық материалдарға негізделген. Ол салыстырмалы-тарихи талдаудың көмегіне жүгіне отырып, зерттеудің эмпирикалық және теориялық деңгейлерін біріктірді. Әлемдік діндерді салыстыруға негіз болған нәрсе қандай да бір діни этикада құпталған экономикалық іс-әрекеттің ақылға қонымдылығы еді. Осыдан келіп, адамның тіршілік етуінің негізгі шарты болып табылатын экономика технологиялық айырмашылықтармен ғана емес, сонымен қатар, еңбекті ұйымдастырудың әртүрлілігімен жүзеге асатыны жайлы идея туындады. Діндегі тек о дүние жайлы ғана ойлар емес, осы дүниеде адам өзін қалай ұстауы, отбасын қамтамасыз етуі, ер адамның жұбайына деген қарым-қатынасы осы

идеяның маңыздылығын дәлелдейді. Діннің адами іс-әрекетке тигізер ықпалының зор екенін көре отырып, Вебер діннің бұл функциясының тұлғаның қарекетін рационалды тұрғыдан реттеуіне баса назар аударды. Протестантизмнің пайда болуы және дамуымен шартталған діни этиканың өзгеріске түсуі қоғамдық өмірге қаншалықты рационалдылықты алып келді және ол қандай тұрғыда капитализмнің қалыптасуына әсер етті деген сұрақ оның қызығушылығын туғызды. Діни-этикалық қағидалар мен экономикалық іс-әрекет формалары арасындағы байланыс оның зерттеуінің өзегіне айналды. Вебер христиандықтың Еуропа тарихына тигізген әсерін зерттейді және Реформация, оның нәтижесінде қалыптасқан христиандықтың жаңа тармағы протестантизмнің кәсіпкерлікке, экономиканың дамуына ықпал еткенін дәлелдеуге тырысты. Оның еңбектерінде тек дін мен шаруашылықтың арақатынасы жайлы ғана емес, сонымен қатар дін мен билік формалары, дін мен өнер, ғылым, философия арасындағы қатынастың нығайуы жайлы баяндалған. Бұдан байқайтынымыз, қандай зайырлы қоғамда өмір сүрсек те, дін қашанда өзінің маңызын жоғалтпай, керісінше басқа әлеуметтік институттармен тығыз қарым-қатынаста болатындығы. Қай дінді алсақ та, адамның екі дүние бақыты жайлы, мемлекет басшысын құрметтеу, отбасын материалдық қамтамасыз ету және ұрпағын рухани тұрғыдан жетілген тұлға болуға баулу, ата-анасын құрметтеу және оның алдындағы парызын өтеу сынды тәрбиелік маңызы бар қасиеттерге үндейді. Бұл тек ислам, христиандық және буддизм сынды әлемдік діндерде ғана емес, конфуцийшілдік, даосизм, иудаизм сияқты ұлттық діндерде де көрініс тапқан қағидалар.

Вебердің діни-өркениеттік негізге баса назар аударған көзқарасы қай жағынан алғанда да өзекті болып табылады. Осы көзқарастың негізінде әртүрлі экономикалық тұжырымдамалар пайда болады. Оған мысал ретінде ислам экономикасының тұжырымдамасын айта аламыз. Ол Құранда айтылған әлеуметтік теңдік, жеке меншік пен мемлекеттің меншігін ажырата қарау, экономикалық өмірде мемлекеттің ролінің басымдығын, зекет, қайыр-садақа беру арқылы кіріптар адамдарға көмек қолын созу сияқты талаптар арқылы белгілі бір қоғамдағы тұрмыстық хал-ахуалды реттеуге мүдделіліктен байқалады. Батысқа қарағанда дәстүршілдікті көп сақтаған Шығыста дәстүршілдік пен заманауи жетістіктердің синтезі басым болып табылады. Бұл бұрынғы діни дәстүрлер мен модерни-

зацияны біріктіруге деген ұмтылыстан туындап отыр, себебі шығыстық өркениетте дінге деген құрмет қашанда жоғары тұрған және консерватизм теріс құбылыс емес, керісінше рухани тәуелсіздікті сақтап қалу үшін, өздерінің ұлттық өзегі мен құндылықтардың мәйегін жоғалтып алмау үшін қажетті қағида ретінде қабылданған. Дін саласындағы өзгерістердің қоғамның базисіне әсері және керісінше қоғамдық базистің дінге ықпалы негізінен конфессиялық өзгешеліктермен, кейбір діни ілімдердің тарихымен және олардың дәстүршілдік пен жаңашылдық жүйесімен байланысымен тығыз байланысты [Журавский 1984. 154]. Бұдан байқайтынымыз, діни фактордың ролінің қоғам өміріндегі маңызды әлеуметтік институт ретінде қоғамдық қатынастар жүйесінде өзіндік орын алып, оған өз деңгейінде әсер ететіндігі.

Адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ, қоғамның діни өмірі үздіксіз өзгерісте болғанын аңғарамыз. Ол өзгерістер кейде эволюциялық жолмен, кейде революциялық жолмен дамып отырғаны да ақиқат. Діннің эволюциясы деп қандай да бір діннің формаларының қалыптасуымен, жойылуымен, өзара әсер ете отырып бірігуімен байланысты өзгерістер және қоғамдық қатынастардың өзгеріске ұшырауынан туындаған бір дін ішіндегі өзгерістерді айтамыз. Оған сакрализация, секуляризация, фундаментализм, толеранттылық, модернизм, консерватизм, экуменизм сияқты құбылыстар мен үрдістерді жатқызымыз. Қазіргі кездегі қоғам өміріндегі діннің орны мен ролінің өзгеруіне байланысты қасиеттілік, діндарлық және зайырлылық түсініктерге тоқталғанымыз дұрыс.

Қасиеттілік пен зайырлылық түсініктері арасындағы айырмашылықты алғаш рет Э. Дюркгейм қарастырды. Ол барлық нысандардың карама-қарсы топтар ретінде қасиетті және зайырлы деп бөлінетінін атап көрсетті. Дюркгейм бойынша қасиеттілік ұғымы дінмен теңдестіріліп, ұжымшылдықпен байланыстырылады. Қоғам белгілі бір нысандарды айрықша ахлақтық белгілермен және билікпен ерекшелейді, сол арқылы оларды қасиетті қылып, дінді басым күшке айналдырады. Ал зайырлы нысандарды әркім өзі жасайды, олар адамның күнделікті өмірімен, жеке қызығушылығымен тығыз байланысты болады [Осипова 1999. 108]. Осылайша қасиеттілік пен зайырлылық дихотомиясы оның пікірінше әлеуметтік пен жекелік ұғымдарына саяды. Бұдан байқайтынымыз, Дюркгейм үшін дін қасиеттілікке жататын сенімдер мен ғұрыптардың жүйесі және ол қоғамда билік

пен беделге ие болады. Оның түсінігі бойынша әлеуметтік маңыздылыққа ие болған нәрсенің барлығы дінге жатады. Осы көзқарасы арқылы ол діндегі табиғаттан тыс тылсымдылықты ұмытып, дінді идеологиямен ғана теңестіреді. Демек, ұжымшылдық қасиеттілік пен зайырлылықты ажырататын негізгі түсінік бола алмайды. Себебі, зайырлы мемлекеттерде ұжымның, көпшілік қауымның негізгі ұстанатыны зайырлы қарым-қатынас, ал діндарлық, керісінше азшылықтың қызығушылығын тудыратыны белгілі. Қасиеттілік дегенде біздің ойымызға бірінші келетіні білгілі бір діни жүйенің ұстанымдарына сәйкес келетін іс-әрекет, жүріс-тұрыс, тылсымдылыққа негізделген маңыздылық пен қасиеттер.

Зайырлылық түсінігін осы дүниеге бағдар алған, діни бақылау мен шектеулерден ада өмір салты ретінде түсіне отырып, бұл екі түсініктің арасындағы карама-қайшылықты байқаймыз. Э. Дюркгейм осындай карама-қайшылықты талдай отырып, зерттеуге негіз болатын әдіснамалық қалыптың негізін қалады. Қазіргі таңда діннің әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы орны мен мәртебесінің күрт өзгеруіне байланысты секуляризация және десекуляризация ұғымдарының арасындағы антиномиялық түсініктерді айтуға болады.

Алғашқыда секуляризация термині шіркеулік немесе монастырлық меншікті жерлердің мемлекеттік меншікке айналуын білдірді. Шіркеулік қандай да пәрменнің азаматтық билікке берілуі де осы терминмен айқындалды. Қазіргі кезде бұл терминді әр зерттеуші әртүрлі мағынада түсіндіреді. Америка әлеуметтанушысы Л. Шайнер секуляризацияның бес тұжырымдамасын бөліп көрсетеді:

- 1) секуляризация діннің құлдырауы, оның қоғамдағы ықпалы мен әлеуметтік беделінің түсуі;
 - 2) секуляризация діни топтардың конформизмі, дінді ұстанушылардың назарының о дүниеге емес, осы дүние мәселелеріне аударылуы;
 - 3) секуляризация әлемнің десакрализациялану үдерісі, яғни оның діни, қасиеттілік сапасының жоғалып, адамның табиғатты, қоршаған ортаны ақыл және табиғи себептер арқылы түсінуі;
 - 4) секуляризация діннен қоғамның бөлінуі, қоғам діннен өз өмірінің саласынан тазартып, оны жеке өмір аясына ысыруы;
 - 5) секуляризация сенім мен жүріс-тұрыс үлгілерін діни саладан зайырлы салаға ауыстыру.
- В.И. Гараджа батыс әлеуметтануында дамытылған секуляризацияның мынадай теорияларын ұсынады:

1) секуляризация сакральдылықтың жоғалуы (П. Бергер);

2) секуляризация діннің ғылыммен, рационалды ойлаумен, зайырлы этикамен ығыстырылып шығарылуы;

3) секуляризация діннің эволюциясы және оның әлеуметтік құбылыстар негізінде өзгеріске түсуі (Т. Парсонс).

Көріп отырғанымыздай секуляризацияны батыстық әлеуметтанушылар қоғамдық өмірдің әртүрлі аясының діннен бостандық алуы, діннің әлеуметтік мінез-құлықты реттеуші ретіндегі ролінің жойылуы, дін эволюциясының көптүрлілігі және оның түр өзгерісі ретінде түсінеді. Бұдан түсінетініміз секуляризация діни наным-сенімдердің біртіндеп жойылып, діннің адамдардың жүріс-тұрысын реттеуші ретіндегі өзінің мағынасын жоғалтуы. Негізінен секуляризация үдерісін түсінуде мемлекеттің ішкі саясатының практикалық мәселелерді шешудегі бір бөлімі ретінде түсініліп, діннің саясаттан, мемлекеттік ұстанымдардан бөлініп, жеке өмір саласында ғана маңызды болып қалуы. Бұл секуляризация үдерісін тар мағынада түсіну деп айтуға болады. Екіншісі, секуляризацияны құндылықтық бағыт-бағдар жүйесінің өзгеруі деп түсіну, бұны ғылыми тұрғыдан кең ауқымда түсіндіруге жатқызамыз. Қалай болғанда да, діни институттардың идеялық және әлеуметтік позициясының біртіндеп әлсірей келе жойылуы, діни идеологияның зайырлы, саяси идеологиямен алмастырылуы секуляризацияның басты белгісі [Радугин 2000. 218].

Қоғамдағы институттардың мемлекеттік идеологияға сай өзгеріске ұшырауы, сананың зайырлы ұстанымдарға қарай икемделіп, діни сананы атеистік, зайырлы түсініктердің ығыстыруы тарихи тұрғыда орын алған шынайы құбылыс. Секуляризация үдерісі орын алған қоғамда діндарлық мүлде жойылып кетпесе де, белгілі бір деңгейде құлдырап, халықтың дені діннен алшақтап, бақилық дүниеден гөрі фәнилік әлемге бет бұратыны объективті жағдай. Нәтижесінде қоғамдық өмір аясы, қоғамдық және жеке сана діни тыйымдар мен шарттардан бостандық алып, көпшілік қауым діннен алшақтап, тіпті дінге деген кері көзқарастар да қалыптаса бастайды. Секуляризация үдерісінің жүзеге асуына адами болмыстың барлық саласына рационализмнің тарала бастауы, ғылыми дүниетанымды діни дүниетанымнан жоғары қою және оны өндіріс пен әлеуметтік басқаруда басшылыққа алу, құқықтық мемлекеттің құрылуы, қоғамдық өмірдің плюрализация-

сы жатады. Сонымен қатар секулярлы қоғамда дін өзіндік трансформацияға ұшырап, жаңа жағдайларға икемделу арқылы қайта жаңғыруға деген мүмкіндігін түбегейлі жоғалтпайды.

Батыстық ғалымдар секуляризацияның себептерін әртүрлі түсіндіреді. Америка әлеуметтанушысы Т. Парсонс адамдардың дінге деген қарым-қатынасының өзгеруін діннің саясаттан, құқықтан бөлінуіне әкелген қоғамдық институттардың құрылымдық дифференциациясымен байланыстырады [Давыдов 1990. 306]. Р.Белл діндарлықтың барған сайын жекелене бастағанын, қандай да бір дінді ұстану немес ұстанбау қоғам мүшесінің еркін таңдауына байланысты дейді. Н. Смелзер қоғамның секуляризациясына әкелетін факторлар ретінде ғылымның, капитализмнің дамуын айтты. П. Бергер секуляризацияның бастауын экономикалық саладан көреді. Осы ойлардан байқайтынымыз, қоғамдағы секуляризация үдерісіне әсер ететін мынадай факторлар бар:

1) әлеуметтік-экономикалық фактор – экономикалық жүйенің сипаты, экономикалық дамудың деңгейі, индустриализация және онымен қатысты урбанизация, әлеуметтік мобильділіктің күшеюі, дәстүрлі әлеуметтік байланыстардың үзілуі, әлеуметтік дифференциация сынды үдерістер;

2) капитализмнің дамуынан туындайтын қоғамдық өмірдегі құндылықтардың өзгеруі, материалдық құндылықтардың басты орынға шығуы;

3) шынайы өмірді түсіндірудегі дәстүрлі діни ақиқаттардың қоршаған ортаның ұстанымдарына сәйкес келмеуі, ғылым мен мәдениеттің сатылы түрде дамуы мен өзгеріске ұшырауы.

Секуляризация жайлы айтқанда зайырлылық ұғымы жайлы пікір де қатар жүреді. Семантикалық тұрғыдан секулярлық пен зайырлылық терминдері бір-бірімен өте ұқсас, тіпті кейде олар бірін-бірі алмастырып отырады. Зайырлы мемлекет немесе секулярлы мемлекет деген ұғымдар синоним болып табылады. Екеуінің де мағынасы діндарлықтан алшақ, діннен бөлек дегенді білдіреді. Бірақ зайырлылық ұғымын атеизммен пара-пар деп айтуға келмейді. Зайырлылық дегеніміз дінге түпкілікті қарсы шығу деген сөз емес. Зайырлылық Құдайға емес, қоғамға бағытталған ұстанымдардың жиынтығы. Бұл дүниетаным емес, азаматтық ұйым болып табылады. Зайырлылық дегеніміз наным-сенім емес, ол қағида. Мемлекеттің кез келген дінге деген бейтараптылығы, қандай да бір діни ұйымнан және діни сенімнен тәуелсіздігі, діни сенім

және ар-ұждан бостандығы, қандай да бір ресми діннің мемлекет істерін атқаруда басымдыққа ие болмауы, кез келген мемлекет азаматының қалаған дінін ұстанып немесе ешқандай дінді ұстанбау құқығы, діни ұйымдардан тәуелсіз болуы сынды көріністер зайырлылықтың белгілері болып табылады. Зайырлылықтың негізгі белгісі ретінде ресми билік органдары мен діни ұйымдар қатынасындағы бейтараптық, мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы тәуелсіздікті, діни сенім бостандығын алуға болады. Яғни, мемлекет діни мекеме мемлекетті басқармауы қажет. Зайырлылық дегеніміз дінге қарсылық деген сөз емес, керісінше ондай қоғамда әртүрлі пікірлер мен ұстанымдар толерантты тұрғыда қабылданып, бірі-бірімен қатар өмір сүруіне толықтай мүмкіндік бар. Қандай да бір дінді мемлекеттік дін деп жариялап, дінге басымдылық берген теократиялық мемлекет сияқты, дінді мүлде терістеп, мемлекеттік атеизмді ұстанған мемлекетті де зайырлы мемлекет деп айта алмаймыз. Зайырлы мемлекет дегеніміз – мемлекеттің қандай да бір дінге қатысты әсіре идеологиядан алшақ болуы. Кез келген діннің негізгі бағдары трансценденттілікке, тылсымдылыққа бағытталған. Зайырлылық адам өмір сүріп отырған осы әлемге негізделген, күнделікті тыныс-тіршілікке бағытталған, діни бақылаудан бостандықтағы ұстанымдар мен қағидалардың жүйесі.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, секуляризация мен зайырлылық тарихи ауанмен адамзат тарихында эволюциялық жолмен орын тапқан нақтылы үдеріс. Бұл үдерістерге біржақты баға беру немесе шынайы нәтижесі жайлы абсолютті тұжырым қабылдау мүмкін емес. Себебі, қоғам өмірінің

динамикасы нәтижесінде туындап отырған қазіргі десекуляризация үдерісінің туындауы мен постсекулярлы үрдістердің күшеюі ғылыми салада жаңа ойлардың қалыптасуына себеп болып отыр. Секуляризация бірөлшемді, автоматты түрде дінді теріске шығару емес, күрделі, іштей қарама-қайшылықты үдеріс [Ивин 2004].

Әрине, мемлекет зайырлы болғанымен, оның негізін құрайтын халықтың дені діндар болуы әбден мүмкін. Діннің қазіргі қоғамдағы орнына қазіргі кезде ғылым мен саясат ықпал етеді. Дін қашанда адамзаттың рухани өмірінің бөлінбес бөлігі болғандықтан ресми билік дінге түсіністікпен, құрметпен қарауы заңды құбылыс [Байтенова 2015. 7]. Қандай да бір мемлекеттің негізін құрайтын этностың басым көпшілігі ұстанатын, тарихи тұрғыдан ғасырлар бойына сол ұлттың ділінің негізін құраған діни бағыт ресми дін болып табылып, басқа жаңа діни бағыттар мен конфессияларға қарағанда біршама басымдыққа ие болуы мүмкін. Бірақ бұл тек рухани саладағы ұстанымдарда ғана мүмкін болады да, саяси, экономикалық тұрғыда ешқандай да мемлекеттік істерге араласа алмайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының негізін құрайтын қазақ ұлтының ұстанатын діни ислам, оның ішінде сунниттік бағыттағы ханафи мазхабы, екінші үлкен дін христиан дінінің православтық ағымы. Бұл екеуі мемлекеттегі ресми түрде үлкен діни конфессиялар ретінде мойындалып, мұсылмандық және православтық мейрамдар кезінде ресми демалыс жарияланып, діни дәстүрлер мен ғұрыптар атап өтіледі. Бұған қарап мемлекетті зайырлы емес деп айта алмаймыз, себебі бұл мемлекеттің дінге қарсы шықпай, демократиялық ұстанымдар негізінде дінге сенетін тұлғалардың жеке өміріне, ұстанған қағидаларына құрметпен қарауының айғағы болып табылады.

References

- 1 Гараджа В.И. (1996) Социология религии. – М., 1996. – 223 с.
- 2 Гегель Г.В.Ф. (1977) Философия религии: В 2 т. – М., 1977. – Т. 2. – 573 с.
- 3 Фейербах Л. (1955) Сущность христианства // Фейербах Л. Избр. филос. произв.: В 2 т. – М., 1955. – Т. 2. – 942 с.
- 4 Конт О. Основные законы социальной динамики или общая теория естественного прогресса человечества // Зомбарт В. (1926) Социология. Хрестоматия. – Л., 1926. – 257 с.
- 5 Маркс К., Энгельс Ф. (1955) Соч., Т. 1. – М., 1955. – 698 с.
- 6 Журавский А.В., Ионова А.И. (1984) Место и роль религии в процессах синтеза на Востоке // Эволюция восточных обществ: синтез традиционного и современного. – М., 1984. – 487 с.
- 7 Осипова Е.В. (1999) Социология Эмиля Дюркгейма // История социологии в Западной Европе и США. – М., 1999. – 576 с.
- 8 Радугин А.А. (2000) Введение в религиоведение: теория, история и современные религии. – М., 2000. – 240 с.
- 9 Давыдов Ю.Н., Ковалев М.С., Филиппов А.Ф. (1990) Современная западная социология: Словарь. – М., 1990. – 432 с.

- 10 Философия: Энциклопедический словарь. (2004). – М.: Гардарики, 2004. Под редакцией А.А. Ивина. – 1072 с.
11 Байтенова Н.Ж., Демеуова А.Д. (2015) Религия и общество. – Алматы, 2015. – 170 с.

References

- 1 Garadzha V.I. (1996) *Sociologiya religii*. M., 1996. 223 p.
- 2 Hegel G.V.F. (1977) *Philosophya religii: v 2 t.* M., 1977. T. 2. 573 p.
- 3 Feuerbach L. (1955) *Sushnost hristyansva // Feuerbach L. Izbr. Philos. proizv: v 2 t.* M., 1955. T. 2. 942 p.
- 4 Kont O. *Osnovnye zakony sotsyalnoy dinamiki ili obshaya teoriya estestvennogo progressa chelovechestva // Sombart V. (1926) Sociologiya. Khrestomatya.* L., 1926. 257 p.
- 5 Marx K., Engels F. (1955) *Soch.*, T. 1. M 1955. 698 p.
- 6 Zhuravsky A.V., Ionova A.I. (1984) *Mesto I rol religii v processah sinteza na Vostoke // Evolucia vostochnyh obshestv: sintez traditsionnogo isovremennogo* M., 1984. 487 p.
- 7 Osipova E.V. (1999) *Sociologiya Emilya Durkheima // Istoriya sociologiyi v zapadnoy Europe i SSHA.* M., 1999. 576 p.
- 8 Radugin A.A. *Vvedenie v religiovedenie: teoriya, istoriya i sovremennye religii.* M., 2000. 240 p.
- 9 Davydov J.N., Kovalyov M.S., Philipov A.F. (1990) *Sovremennaya zapadnaya sociologiya: Slovar.* M., 1990. 306 p.
- 10 *Philosophya: Encyclopedicheskiy slovar.*(2004) – М: Gardariki. Pod redakciey A.A. Ivina. 2004. 1072 p.
- 11 Baitenova N.Zh., Demeuova A.D.(2015) *Religiya I obshestvo.* Almaty, 2015. 170 p.